

Кез келген жағының ұзындығы 255 мм-ден асатын өзге фотопластинкалар мен фотопенкаларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының ставкасын белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 148 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. 3701 30 000 0 ЕАЭО СЭҚ ТН коды бойынша сыныпталатын, кез келген жағының ұзындығы 255 мм-ден асатын өзге фотопластинкалар мен фотопенкаларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу бажының ставкасы осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін кедендік құнының 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 3701 30 000 0 ЕАЭО СЭҚ ТН коды бар позициядағы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне "3С)" сілтеме "83С)" сілтемесімен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 83С ескертпемен толықтырылсын:

"83С) Кедендік құнның 0 (нөл) %-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 148 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2023 ж. 31.12. дейін қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович